Бекітемін:
ЖШС "Bal-Aiym" бөбекжай-
бақшасының
меңгерушісі м.у.а С.С.Сейлова

# 2025-2026 оқу жылына арналған

# Әдіскердің айлық жоспары

Бекітемін
ЖШС"Bal-Ayim 2"
бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі м.у.а С.С.Сейдова

**2025 жылдың қыркүйек айына арналған**
**Бөбекжай-бақшаның жұмыс жоспары**

| *Іс-шаралар түрі* | *Мерзімі* | *Жауапты* |
|---|---|---|
| **Бөбекжайдың қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | |
| 1. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау<br>2. Балалардың жас топтарын құру<br>3. «Қошақан» бөбекжайының оқу жылына дайындығы<br>4. Балалар контингенті мен педагогикалық ресурстар бойынша есептік-статистикалық ақпарат бойынша есеп дайындау<br>5. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау | қыркүйек | Меңгеруші<br>Меңгеруші, әдіскер<br>Меңгеруші<br>әдіскер<br>Меңгеруші |
| **Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы** | | |
| 1.1 Шығармашылық тобын анықтау, жоспарын бекіту<br>Жауапты тұлғаларды анықтау, бұйрық шығару<br>1.2 «Жасанды интеллект технологиялары балалар дамуы үшін қалай әсер ете алады?» кеңес<br>1.3 Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру, ойын кеңістігін қызығушылық орталықтары бойынша аймақтарға бөлу. Шеберлік сынып | Қыркүйек<br>Қыркүйек<br>Қыркүйек | Меңгеруші, Әдіскер, Педагогтер<br>Әдіскер, Педагогтар<br>Әдіскер, педагогтар |
| **Кадрлармен жұмыс** | | |
| 2.Жас тәрбиешілерді тәжірибелі педагогтарға бекіту<br>2.1 №1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»<br>2.2 Жалпы топтарда заттық-кеңістік ортаны толықтыру<br>2.3 Жаңа стандарт талаптарына сай, бағдарламаны негізге ала отырып перспективтік жоспар құру<br>2.4 Жалпы педагогтардың сандық және сапалық құрамын анықтау<br>2.7 «Мектепке дейінгі ұйымдарда жасанды интеллект элементтерін қолдану» – ата-аналармен жұмыс құрылымы және цифрлық білім беру ортасын құру<br>1. 2.8 Топтардағы құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету.<br>2.12 **№1 отырыс**<br>*"Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық"*<br>1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, | Қыркүйек<br>Қыркүйек<br>Жыл бойы<br>Қыркүйек<br>Қыркүйек<br>Үнемі<br>Қыркүйек<br>қыркүйек | Әдіскер<br>Тәлімгер, әдіскер<br>Меңгеруші, Әдіскер<br>Әдіскер, Педагогтар<br>Топ тәрбиешілері<br>Әдіскер, Тәрбиешілер<br>Әдіскер, тәлімгерлер |

| | | |
|---|---|---|
| педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру | | |
| **Білім беру процесін ұйымдастыру** | | |
| 2.6 1 қыркүйек - Білім күні кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет. «Балабақшам – мейірім мекенім» мерекелік ойын-сауық.<br><br>2.6.1 «Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу конкурсы<br><br>2.6.1 «Бақытты отбасы - берекелі ел» бейнеролик<br><br>2.6.2 «Абай әндері» музыкалық кеш | I апта<br><br>I апта | барлық топ тәрбиешілері. ересек, аралас топ тәрбиешілері |
| 2.11 Таза аула – таза қала<br>Тәжірибе: «Таза және лас судың айырмашылығын анықтау».<br>Мақсаты: Қоршаған ортаны тазалықта ұстау, қоқысты сұрыптау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>2.16 «Шаңырақ шаттығы» – отбасылық спорттық сайыс<br><br>2.17 «Әуенмен сергіту» (қимылды-музыкалық жаттығулар) ойын-сауығы<br><br>2.19 Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы.<br>Әңгіменің тақырыптары:<br>- Ақша не үшін қажет? - Ақшаны кім табады?<br>- Неліктен еңбек ету маңызды? - Ақша жинау сандықшасы деген не? - Неге әрқашан қалағанымызды сатып ала алмаймыз?<br><br>2.20 «Әуежайдағы мамандықтар». Мақсаты: Балаларды ұшқыш, стюардесса, диспетчер сияқты әуе көлігі саласындағы мамандықтармен таныстыру.<br><br>2.21 «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»<br>Ересек топ балалары үшін: «Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері»<br>Мектепалды топ балалары үшін: «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» | II апта<br><br>II апта<br><br>II апта<br><br>III апта<br><br>IV апта<br><br>IV апта | Әдіскер, тәрбиешілер<br><br>Дене шынықтыру нұсқаушысы<br><br>Музыка жетекшісі<br><br>Ересек және аралас топтары<br><br>Барлық топтар<br><br>Ересек және аралас топтары |
| **Әлеуметтік жұмыс** | | |
| 2.14 «Күзгі бояулар симфониясы» – сурет және табиғи материалдар көрмесі<br><br>1. 3.1 Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңінде кеңес беру.<br>2. №1 Топтық ата-аналар жиналысы: «Бөбекжайға үйрену – алғашқы қадамдар»<br>3. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Баланы ерте дамытуда ата-ана мен педагог ынтымақтастығы»<br>3.1 Психологиялық тренинг:<br>3.2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік | Қыркүйек<br><br>қыркүйек | Барлық топтар<br><br>Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике |

| | | |
|---|---|---|
| стандартымен таныстыру.<br>3.3 Күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын түсіндіру.<br>3.4 Тәрбиешілер мен мамандарды таныстыру.<br>3.5 Ата-аналар комитетін бекіту.<br>3.6 Кеңес: «Адаптация кезеңін жеңілдету жолдары» | | |
| 3.2 «Алтын күз – шығармашылық шуағы» сурет және қолөнер көрмесі | Қыркүйек | Әдіскер, топ тәрбиешілері |
| 3.3 «Отбасындағы жылулық – бақыттың бастауы» тренинг | қыркүйек | Әдіскер, |
| 3.4 «Жаңа достармен алғашқы қадам» – Балаға үй жағдайында күн тәртібін қалыптастыру кеңесі. Мақсаты: Баланың жас ерекшеліктерін диагностикалау, танысу ойындарын өткізу, күн тәртібіне бейімдеу. | қыркүйек | Меңгеруші, әдіскер, барлық бөбекжай педагогтары |
| **Мектеппен сабақтастық** | | |
| 2.15 «Болашақ білім ордасымен танысу» (мектепке саяхат)<br><br>4.1 Балабақша түлектерінің мектепке орналасу жағдайын және бейімделуін бақылау | қыркүйек | меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер |
| **Бақылау және басшылық** | | |
| 7.1.1 Қаржы-экономикалық қызмет: | тамыз, қыркүйек | Меңгеруші |
| Бағдарламаға сәйкес жас ерекшелігіне, денсаулық деңгейіне қарай топтарды жинақтау | қыркүйек | Меңгеруші |
| 7.1.2 Ұйымдастыру қызметі:<br>Функционалдық міндеттеріне сәйкес еңбек регламенттерін қалыптастыру<br>7.1.3 Бөбекжайның жаңа оқу жылына дайындығын тексеру | қыркүйек | Меңгеруші, меңг-ң шаруаш. бөлімі жөн. орынб. |
| 7.1.4 Актілер құру, жоспарларды бекіту | қыркүйек | Меңгеруші |

**Қыркүйек айлық жоспарына анықтама**

**2025–2026 оқу жылы, қыркүйек айы**

2025 жылдың қыркүйек айына бекітілген бөбекжайдың айлық жұмыс жоспарына сәйкес барлық бағыттар бойынша іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

**1. Құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету бойынша** қыркүйек айының I аптасында балаларды қабылдау, құжаттарды ресімдеу, шарттарды бекіту жұмыстары жүргізілді. I аптада барлық жас топтары жасақталды. II аптада бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы туралы есеп берілді. Меңгеруші мен әдіскер тарапынан ай бойы педагогикалық ресурстар мен балалар контингенті бойынша статистикалық есептер дайындалды.

**2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс бойынша** I аптада шығармашылық топ құрылып, жоспары бекітілді. II аптада педагогтармен «Жасанды интеллект технологиялары балалар дамуына қалай әсер етеді?» тақырыбында кеңес өткізілді. III аптада заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру бойынша шеберлік сынып ұйымдастырылып, барлық топтарда ойын кеңістіктері аймақтарға бөлінді.

**3. Кадрлармен жұмыс бойынша** I аптада жас мамандар тәжірибелі педагогтарға бекітілді. II аптада №1 педагогикалық кеңес «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары» тақырыбында өтті. Барлық тәрбиешілер қатысты. III аптада педагогтардың құжаттарын жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. IV аптада «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық» тақырыбында отырыс ұйымдастырылды.

**4. Білім беру процесін ұйымдастыру бойынша I аптада** 1 қыркүйекте барлық топтарда «Балабақшам – мейірім мекенім» мерекелік ойын-сауық өткізілді. Ортаңғы, ересек және мектепалды топтарда «Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Барлық топтарда «Бақытты отбасы – берекелі ел» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. **II аптада** ересек топтарда «Абай әндері» музыкалық кеші өтті. Ортаңғы топтарда тәжірибелік жұмыс – «Таза және лас судың айырмашылығы» жүргізілді. **III аптада** барлық топтарда қаржылық сауаттылыққа арналған сабақтар («Ақша не үшін қажет?», «Ақшаны кім табады?», «Ақша жинау сандықшасы») өтті. Ересек

және мектепалды топтарда «Әуежайдағы мамандықтар» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. «Әуенмен сергіту» атты қимылды-музыкалық ойын-сауық өтті. **IV аптада** ересек топтарда «Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері», мектепалды топтарда «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыптарында қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

**5. Әлеуметпен жұмыс бойынша I аптада** жаңадан келген ата-аналармен танысу, бейімделу кезеңіне арналған кеңес өтті. **II аптада** барлық топтарда №1 топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. **III аптада** «Отбасындағы жылулық – бақыттың бастауы» атты тренинг ұйымдастырылды. **IV аптада** «Күзгі бояулар симфониясы» көрмесі барлық топтар арасында өтті. Психолог ата-аналармен «Балаға бейімделу» тақырыбында психологиялық кеңес жүргізді.

**6. Мектеппен сабақтастық бойынша II апта:** Мектепалды топ тәрбиеленушілері «Болашақ білім ордасымен танысу» мақсатында мектепке саяхатқа барды. Ай бойы мектепке түскен түлектердің бейімделу жағдайы қадағаланды.

**7. Бақылау және басшылық бойынша** тамыз–қыркүйек айларында меңгеруші тарапынан бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы тексерілді. Қыркүйек айының III аптасында актілер жасалып, жоспарлар бекітілді. Ай соңында топтардың жас ерекшелігі мен денсаулығына қарай толық жасақталғаны расталды.

Қыркүйек айына бекітілген жоспар толық орындалды, барлық іс-шаралар белгіленген мерзімінде және тиісті топтарда өткізілді

«Бекітемін»
ЖШС «Bal – Aru 2»
бөбекжай-бақшасы»
меңгерушісі м.у.а: С.Сейлова

**2025 жылдың қазан айына арналған**
**Бөбекжай-бақшаның жұмыс жоспары**

| *Іс-шаралар түрі* | *Мерзімі* | *Жауапты* |
|---|---|---|
| **Бөбекжайдың қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | |
| 1. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау<br>2. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау | қазан | Меңгеруші<br><br>Меңгеруші, әдіскер |
| **Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы** | | |
| 2.1 «Жасанды интеллект технологиялары: шығармашылыққа жол» тақырыбындағы көркем-шығармашылық бағыттағы шеберлік сабақ<br><br>2.3 «Баланы қарсы алатын кеңістік: орта – үшінші тәрбиеші» Құзыреттілік орталықтарын, дамыту ортасын тиімді ұйымдастыру бойынша кеңес беру | Қазан<br><br>Қазан | Әдіскер<br><br>Әдіскер |
| **Кадрлармен жұмыс** | | |
| 2.4 Топтарда заттық-кеңістік дамытушы ортаны кезең-кезеңімен толықтыру<br><br>2.7 «Цифрлық логопед: оқу үрдісіне кіріктірілген онлайн және ЖИ әдіс-тәсілдер» Шебер сынып<br><br>2.8 Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту<br><br>2.9 Кіріктіріліп ұйымдастырылған іс-әрекет | Қазан<br><br>Қазан<br><br>қазан<br><br>қазан | Әдіскер<br>Тәлімгер, әдіскер<br><br>Әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер<br><br>Әдіскер, тәлімгер<br><br>Ересек топ |
| **Білім беру процесін ұйымдастыру** | | |
| 2.5 Отбасымен бірге – қауіпсіз ортада<br><br>2.6 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша: Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық<br>2.6.1 «Қарттарым -асыл қазынам» Құттықтау. Дәйексөз:«Үлкенге ізет-жасқа жол»<br><br>2.6.2 «Ұстаздарға мың алғыс»Мерекелік кеші | I апта<br><br>I апта<br><br>II апта | кіші топ<br><br>Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері<br><br>Мектепке дейінгі |

| | | |
|---|---|---|
| Дәйексөз: «Баланың бас ұстазы ата-ана<br><br>2.6.4 «Мен Отаныммен мақтанамын!»Ертеңгілік Дәйексөз: «Отан – отбасынан басталады»<br><br>2.11 Жер – өмір негізі<br>Тәжірибе: «Топырақтың құрамын зерттеу»<br><br>2.16 «Елімнің ертеңі» – ұлттық ойындар эстафетасы<br>Эстафеталық жарыс<br><br>2.18 Мәнерлеп оқу сайысы: «Отан – ортақ шаңырақ»<br><br>2.19 Табыс көзі ретінде еңбек және мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру. Ойындар: «Анам/әкем кім болып жұмыс істейді», «Кім не істейді?», «Менің болашақ мамандығым».<br><br>2.20 «Телестудия – қызықты хабарлар әлемі»<br><br>2.21 «ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас»<br>Ересек топ балалары үшін: «Жедел қызмет телефондары»<br>Мектепалды топ балалары үшін: «Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер» | II апта<br><br>III апта<br><br>II апта<br><br>II апта<br><br>III апта<br><br>IV апта<br><br>IV апта<br><br>IV апта | ұйымның тәрбиешілері<br><br>тәрбиешілер<br><br>Әдіскер, тәрбиешілер<br><br>Медбике ересек топ<br><br>Кіші, ересек, мектепалды топтары<br><br>Ересек және мектепалды топтары<br><br>Барлық топтар<br><br>Ересек және мектепалды топтары |
| **Әлеуметпен жұмыс** | | |
| 2.6.3 «Жомарт күз» жәрмеңкесі. Көрме<br>Дәйексөз : «Көктемгі әрекет – күзгі берекет»<br><br>3.1 1. Кеңес: «Отбасы – баланың эмоционалды дамуының негізі»<br>2. Көрме: «Алтын күз сыйы» (табиғи материалдардан)<br>3. Экскурсия: «Кітап – білім бұлағы» аудандық кітапханаға саяхат (ата-аналардың көмегімен)<br>4. Жадынама тарату: «Жолдағы қауіпсіздік ережелері»<br><br>3.2 «Қарттарға құрмет – ұрпаққа өнеге» мерекелік концерт және естелік бұрышы. Концерттік бағдарлама<br><br>3.3 «Саналы ата-ана болу өнері» Дөңгелек үстел | Қазан<br><br>қазан<br><br>қазан<br><br>қазан | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері<br><br>Әдіскер Тәрбиешілер<br><br>Әдіскер, тәрбиешілер,<br><br>Әдіскер, бөбекжай педагогтары |

| | | |
|---|---|---|
| 3.4 «Мен туралы бәрі» – Өзін-өзі тану және карым-катынас жаттығулары, «Бала эмоциясын түсініп, қолдау жолдары» кеңесі | қазан | |
| **Мектеппен сабақтастық** | | |
| 4.1 Балабақша түлектерінің мектепке орналасу жағдайын және бейімделуін бақылау | Қыркүйек-қазан | меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер |
| **Бақылау және басшылық** | | |
| 7.1 Мамандармен жұмыс: Жеке құрам бойынша бұйрықтар шығару; педагогикалық мамандардың жеке істерін тіркеу; еңбек кітапшаларының қозғалысын тіркеу;еңбек демалысының кестесін құру; еңбек кітапшаларын толтыру<br><br>7.2 Антропометрия жасау, талдау жасау<br><br>7.5 Асхананың санитарлық жағдайына бақылау жасау<br><br>7.6 Кір жуатын орынның жұмыстарына бақылау жасау, санитарлық тазалығын қадағалау | Үнемі<br><br>қазан<br><br>үнемі<br><br>үнемі | Меңгеруші<br><br>Медбике<br><br>Медбике<br><br>Медбике |

**Қазан айлық жоспарына анықтама**
**2025–2026 оқу жылы, қазан айы**

2025 жылдың қазан айына бекітілген бөбекжайдың айлық жұмыс жоспарына сәйкес барлық бағыттар бойынша іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіліп, белгіленген мерзімінде орындалды.

**1. Құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету бойынша**
Ай бойы балабақша қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жұмыс жүргізілді. Балаларды қабылдау және шарттарды ресімдеу жұмыстары жоспарға сай жалғастырылды.
Меңгеруші мен әдіскер тарапынан жеке құрам бойынша құжаттар ретке келтіріліп, кадрлық және құқықтық іс-қағаздар толықтырылды.
Бөбекжайдың қызметін ұйымдастыруда заңнамалық талаптарды сақтау, еңбек тәртібі мен ішкі ережелердің орындалуы тұрақты бақылауда болды.

**2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс**
Қазан айының бірінші аптасында педагогтермен «Жасанды интеллект технологиялары: шығармашылыққа жол» тақырыбында көркем-шығармашылық бағыттағы шеберлік сабақ өткізілді. II аптада «Баланы қарсы алатын кеңістік: орта – үшінші тәрбиеші» атты кеңес ұйымдастырылып, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны тиімді құру және оны оқу процесіне кіріктіру тәсілдері көрсетілді.
III аптада «Цифрлық логопед: оқу үрдісіне кіріктірілген онлайн және ЖИ әдіс-тәсілдер» тақырыбында шеберлік сынып өтті. Онда логопедиялық жаттығуларды цифрлық форматта қолдану тәжірибесі талқыланып, педагогтерге әдістемелік көмек берілді.
IV аптада «Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту» тақырыбында кеңес өткізілді. Кеңес барысында педагогтер балалардың танымдық, тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда цифрлық құралдарды (StoryWizard, Quiver, TaleMate, CoSpaces Edu) қолдану тәжірибесін ұсынды.
Білім беру процесінде кіріктірілген оқу іс-әрекеттері жоспарға сай жүргізілді. Балаларға бағытталған ойындық, тәжірибелік және шығармашылық жұмыстардың мазмұны жаңартылған бағдарлама талаптарына сай ұйымдастырылды.

**3. Білім беру процесін ұйымдастыру**
Қазан айында барлық жас топтарында оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Ай бойы медицина қызметкерлері мен әдіскер тарапынан келесі бағыттар бойынша бақылау жүргізілді:

- Қызметкерлердің дәрігерлік тексерістен өтуі, балалардың жеке бас тазалығы мен санитарлық-гигиеналық жағдайлары;
- Барлық топтарда күн тәртібінің орындалуы, таза ауадағы серуен мен қимыл белсенділігінің ұйымдастырылуы;
- Асхананың санитарлық жағдайы, азық-түліктің сапасы мен дайын тағамдардың мөлшері;
- Кір жуатын орын мен бөбекжайдың жалпы тазалығы.

Бақылау нәтижелері бойынша кемшіліктер анықталған жоқ, барлық көрсеткіштер санитарлық норма мен жоспарға сай деп бағаланды.

## 7. Қорытынды

Қазан айында бөбекжайдың педагогикалық, ұйымдастырушылық және денсаулық сақтау бағыттарындағы барлық жұмыстар жоспарға сай толық орындалды.
Оқу-тәрбие процесі мазмұнды, әдістемелік тұрғыдан тиімді жүргізілді.
Балалардың дамуы мен тәрбиесіне қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастырылған.
Асхана, медициналық бөлім және техникалық қызметкерлер тарапынан белгіленген талаптар жүйелі түрде орындалуда.

**Ұсыныстар:**

1. Күзгі кезеңде балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы серуен мен шынықтыру элементтерін арттыру;
2. Ата-аналармен серіктестікті дамытуға арналған жаңа форматтағы (мастер-класс, отбасылық фестиваль) шараларды енгізу;
3. Санитарлық-гигиеналық талаптардың тұрақты орындалуын қамтамасыз ету;
4. Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша ішкі оқыту семинарларын жалғастыру.

**Қорытынды** **шығарған:**

Әдіскер ____________________

Медбике ____________________

Меңгеруші ____________________

**Күні:** 2025 жылғы қазан айы

*Бекітемін ЖШС «Bal-Aiym 2»*
*бөбекжай- бақшасы меңгерушісі*
*м.у.а С.С.Сейлова*

**2025 жылдың қараша айына арналған**
**бөбекжайдың жұмыс жоспары**

| *Іс-шаралар түрі* | *Мерзімі* | *Жауапты* |
|---|---|---|
| **Бөбекжайдың қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | |
| 1. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау<br>2. «Ұстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейіні» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау. | Жыл бойы<br><br>Жыл бойында | Меңгеруші, әдіскер<br><br>Меңгеруші, әдіскер тәрбиешілер |
| **Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы** | | |
| 2.1 Ұлттық құндылықтарды ойын арқылы дамыту: асық, бестемше және т.б. ұлттық ойын түрлерін қолдану<br><br>2.2 №2 педагогикалық кеңес тақырыбы:<br>«Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту»<br>Мақсаты: Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.<br>*1.* «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы» *тәрбиеші Ш.Мырзабаева*<br>*2.* 2.«Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері<br>*Н.Ерғалиева*<br>3.«Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік: әр балаға қамқорлық» *тәрбиеші Ж.Алдабергенова*<br>*3.* 4.Тренинг: «Инклюзияны түсінеміз»<br>*Жүргізуші: педагог А.Жалғасбаева*<br>№ 1педагогикалық кеңесте<br>қабылданған шешімдерінің орындалуы<br><br>2.12 Әдістемелік кеңес №2<br>**Тақырыбы:**<br>*"Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу"*<br>**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.<br>1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.<br>2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы.<br>3. Ата-ана мен бөбекжай арасындағы қарым-қатынасты онлайн платформалар арқылы нығайту. | Қараша-желтоқсан<br><br>Қараша<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>қараша | Меңгеруші, әдіскер, педагогтар<br><br>Әдіскер<br>Педагог<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар |

| | | |
|---|---|---|
| **Кадрлармен жұмыс** | | |
| 2.4 Эксперименттік іс-әрекеттер үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету | Үнемі | Әдіскер, топ тәрбиешілері |
| 2.8 Мектеп жасына дейінгі балаларды жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту кеңес | Жыл бойы | Әдіскер, тәлімгер |
| 2.7 «Ұлттық ойындарды цифрлық форматта жаңғырту: асық, бестемше және басқа да дәстүрлі ойындардың AR/VR үлгілері» | Қараша | Әдіскер |
| 2.9 Кіріктірген ұйымдастырылған іс-әрекеттер ересек топ | Қараша | Ересек топ тәрбиешілері |
| 2.12 Ұлттық ойындар жарысы «Ханталапай шақырады» | Қараша | ересек,аралас топ тәрбиешілері |
| **Білім беру процесін ұйымдастыру** | | |
| 2.5 Сезімдер әлемі | І апта | ересек топтар |
| 2.6 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша қараша – әділдік және жауапкершілік айы «Әжелер мектебі», Қолөнер сайыс<br>Дәйексөз: 1.« Ана алдында құрмет – ата алдында қызмет» | І апта | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері |
| 2.6.1 «Адал ұрпақ» Мультфильм қарау<br>Дәйексөз: «Әділін айтсаң – әдемі айтқаның» | ІІ апта | Мектепке дейінгі |
| 2.6.2 Сапарғали Ысқақұлы Бегалин «Өлеңмен өрнектелген әлем» Өлеңдегі табиғаттың сурет көрмесі.<br>Дәйексөз: «Адам ақылымен қымбатты, ұрпағымен сымбатты» | ІІ апта | ұйымның тәрбиешілері |
| 2.11 Жануарлар әлемі<br>Тәжірибе: «Жануарлардың әр жыл мезгілінде қоректенуі»<br>Жануарлар мен олардың тіршілігі жайлы білімдерін толықтыру, оларға қамқорлық сезімін ояту. | ІІ апта | Әдіскер, тәрбиешілер<br>ересек топтар |
| 2.16 Достық керуені» – көңілді эстафета. Мерекелік іс-шара | ІІ апта | Музыка жетекшісі, ересек топт |
| 2.17 «Ертегі еліне музыкалық саяхат» Квест ойыны | ІІ апта | Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер |
| 2.18 Жолда жүру ережесі «Жүріс-тұрыс мәдениеті – қауіпсіздік кепілі» | ІІІ апта | Ересек және кіші топтар |
| 2.19 Дүкендермен, банктермен, ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру. Мақсаты: - дүкен, дәріхана ойындарын ойнау: сатып алу, өнімді таңдау, тапсыру, сатып алушы-сатушы. | ІІІ апта | Барлық топтар |

| | | |
|---|---|---|
| ...«Тур агент – қызықты саяхаттар иесі». Мақсаты: ...аларды тур агент мамандығымен таныстыру. Елдер мен ...алалар туралы сөздік қорын байыту. Саяхат мәдениетіне баулу, табиғатты, мәдени ескерткіштерді қорғауға үйрету.<br><br>2.21 «Қауіпсіз серуен». Ересек топтар: «3. Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар». Мектепалды топтары: «Қыс мезгілінде серуендеу ережелері» | IV апта<br><br><br>IV апта | Ересек және аралас топтар |
| **Әлеуметпен жұмыс** | | |
| 3.1 ата-аналармен жұмыс:<br>3.2 Отбасылық спорттық сайыс: «Отбасылық спорт мерекесі»<br>3.1.2. Кеңес: «Дұрыс тамақтану – мықты иммунитет кепілі»<br>3.1.3. Ақпараттық стенд: «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері»<br><br>3.3 «Отбасылық тәрбиеде кім сізге үлгі?» сауалнама | Қараша | Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медбике<br><br>Тәрбиешілер |
| **Мектеппен сабақтастық** | | |
| 4.1 Түлектердің мектеп өміріне бейімделу деңгейін анықтау | Қараша | Психолог, тәрбиешілері |
| **Бақылау және басшылық** | | |
| Нормативтік құжаттардың орындалуы, нұсқаулықтардың жүргізілуін ұйымдастыру жұмыстары:<br>а) балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қорғау;<br>б) қызметкерлер жағдайы мен гигиеналық рижімдердің СанПин 2.4.1.2660-10 талаптарына сай болуы;<br>в) Өрт қауіпсіздігі ережелері;<br>г) еңбекті қорғау бойынша жұмыстар:<br>нормативтік базаны толықтыру;<br>жаңа лауазымдық нұсқаулықты құру бойынша жұмыстар;<br>қызметкерлердің әрбір санатына еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстар жүргізу; | Жыл бойы<br><br>Үнемі<br><br>Жыл бойы | меңгеруші<br><br>меңг.шаруаш. бөлімі жән.орынб.<br><br>Медбике<br>Әдіскер |

## ЖШС «Bal-Aiym 2» бөбекжай-бақшасы

## Қараша айлық жоспарына анықтама

**2025–2026 оқу жылы, қараша айы**
2025 жылдың қараша айына бекітілген бөбекжайдың айлық жұмыс жоспарына сәйкес барлық бағыттар бойынша іс-шаралар жоспарлы түрде өткізіліп, белгіленген мерзімінде орындалды.

**1. Құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету**
Ай бойы бөбекжай қызметі ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі ұйымдарға арналған нормативтік құжаттары негізінде жүргізілді.
Балаларды қабылдау, шарттарды ресімдеу және кадрлық құжаттарды толықтыру жұмыстары жалғастырылды.
Меңгеруші мен әдіскер тарапынан құқықтық және еңбек тәртібін сақтау, ішкі еңбек ережелерінің орындалуы тұрақты бақылауда болды.
«Педагог бейіні» цифрлық модулінде педагогтердің кәсіби қызмет нәтижелерін енгізу және жаңарту жұмыстары жүргізілді.

**2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс**
Қараша айында педагогтермен және мамандармен бірнеше бағыттағы әдістемелік, шығармашылық және цифрлық форматтағы іс-шаралар өткізілді.
II аптада №2 педагогикалық кеңес өткізілді.
**Тақырыбы:** «Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы дамыту».
Кеңес барысында педагогтер инклюзивті ортадағы ойын технологияларын тәжірибе жүзінде көрсетіп, балалардың қызығушылығын арттыру жолдарын талқылады.
Мысалы, «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы» тақырыбында тәрбиеші Ш.Мырзабаева, «Қолдауға мұқтаж досым» логопедиялық ойыны бойынша Н.Ерғалиева, ал «Инклюзивті ортадағы қауіпсіздік» тақырыбында Ж.Алдабергенова өз жұмыстарымен бөлісті.
III аптада №2 әдістемелік кеңес өтті.
**Тақырыбы:** «Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу».
Педагогтер өздерінің цифрлық жобаларын ұсынды, оқу процесінде AR/VR үлгілерді және жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесімен бөлісті.
Сонымен қатар ай бойы педагогтер «Ұлттық ойындарды цифрлық форматта жаңғырту» және «Жасанды интеллект технологиялары арқылы дамыту кеңесін» ұйымдастырды. Бұл шаралар педагогтердің инновациялық көзқарасын арттырып, оқу процесіне заманауи әдістерді енгізуге ықпал етті.

**3. Білім беру процесін ұйымдастыру**
Қараша айында барлық жас топтарында оқу-тәрбие процесі жоспарға сай және мазмұнды түрде жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, танымдық, шығармашылық, экологиялық және адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді.

I аптада «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әжелер мектебі», «Өнер мектебі» және қолөнер сайысы ұйымдастырылды. Балалар мен ата-аналар бірге ұлттық бұйымдар жасап, үлкенге құрмет, адалдық пен еңбекқорлық туралы түсініктерін бекітті.
II аптада қазақ балалар әдебиетінің классигі Сапарғали Бегалиннің шығармашылығына арналған көрме өтті. «Өлеңмен өрнектелген әлем» тақырыбындағы көрмеде балалар табиғатты өз көзімен бейнелеп, суреттерін және қолөнер бұйымдарын ұсынды. Бұл жұмыс балалардың эстетикалық талғамын, көркемдік ойлауын және отансүйгіштік сезімін дамытты.
Сол аптада «Жануарлар әлемі» тақырыбында танымдық тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылып, балалар жануарлардың жыл мезгілдеріне бейімделуін бақылап, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейтті.
Әдіскер жетекшілігімен балалар жануарларға қамқорлық көрсету және табиғатты қорғау ережелерін үйренді.
III аптада «Жолда жүру ережесі», «Қимыл-қозғалыс мәдениеті және қауіпсіздік кепілі», сондай-ақ «Гигиеналық әдеттер мен бактериялар әлемі» атты практикалық ойындар өткізілді. Балаларға өз денсаулығына ұқыптылықпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, тазалық пен дене белсенділігінің маңызы түсіндірілді.
Сол аптада тәрбиешілердің жетекшілігімен сауда ойындары («Сатып алу – сату», «Әдемі таңдау») ұйымдастырылып, балалардың қарым-қатынас мәдениеті мен тілдік белсенділігі дамытылды.
IV аптада «Түр әлемі – қызықты саяхат» атты шығармашылық сабақ өтті. Балалар түстердің үйлесімін, табиғаттағы реңктердің әдемілігін бақылап, сурет салды.
Аптаның соңында «Қауіпсіз серуен» және «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында қауіпсіздік апталығы өткізілді.
Балалар қыс мезгіліндегі сақтық шараларын үйреніп, «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» атты интерактивті көрініске қатысты.
Осы аталған шаралардың барлығы балалардың тілін, ойлауын, қимыл белсенділігін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, педагогтер тарапынан жүйелі түрде ұйымдастырылды.

**4. Әлеуметпен жұмыс**

Ата-аналармен серіктестікті нығайту мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды:
– «Отбасылық спорт мерекесі» атты сайыс өтті, онда ата-аналар мен балалар бірігіп жарысты;
– «Дұрыс тамақтану – мықты иммунитет кепілі» атты кеңес ұйымдастырылып, денсаулық сақтау тақырыбында ақпарат берілді;
– «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері» стенді дайындалды;
– «Отбасылық тәрбиеде кім сізге үлгі?» сауалнамасы жүргізілді.
Бұл іс-шаралар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттырып, баланы тәрбиелеудегі жауапкершілікті нығайтты.

**5. Мектеппен сабақтастық**

Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке бейімделу деңгейі анықталып, психолог тарапынан бақылау жүргізілді.
Мектеп пен бөбекжай арасындағы өзара байланыс жалғасып, ақпарат алмасу мен тәжірибе бөлісу тұрақты жолға қойылды.

**6. Бақылау және басшылық жұмыстары**

Меңгеруші мен әдіскер тарапынан келесі бағыттарда бақылау жүргізілді:

– Балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулық сақтау талаптарын орындау;
– Санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуы;
– Күн тәртібінің орындалуы және таза ауадағы серуендердің ұйымдастырылуы;
– Қызметкерлердің еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын сақтау жағдайы.

Тексеру нәтижелері бойынша айқын бұзушылықтар анықталған жоқ. Барлық жұмыс жоспарға және санитарлық талаптарға сай деп бағаланды.

**7. Қорытынды**

Қараша айында бөбекжайдың оқу-тәрбие, ұйымдастырушылық және әлеуметтік бағыттағы жұмыстары толық көлемде орындалды.
Педагогтер оқу процесінде инновациялық әдістерді пайдаланып, балалардың қызығушылығын арттыруға қол жеткізді.
Балалардың денсаулығын қорғау, қауіпсіздігін сақтау және ата-аналармен серіктестік бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылды.

**Ұсыныстар:**

1. Қыс мезгіліне байланысты балалардың шынығу және серуен жұмыстарына ерекше назар аудару;
2. Инклюзивті ортадағы балалармен жеке жұмыс формаларын жетілдіру;
3. Цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесін кеңейту;
4. Ата-аналармен ынтымақтастық жобаларын көбейту.

**Қорытынды шығарған:**
Әдіскер:Г.С.Айкодыкова
Медбике:Л.Беденқұлова
Меңгеруші:С.С.Сейлова
**Күні:** 2025 жылғы қараша айы

*Бекітемін:*
*ЖШС«Bal-Aiym 2»*
*бөбекжай-бақшасының*
*меңгерушісі м.у.а С.С.Сейлова*

**2025 жылдың желтоқсан айына арналған**
**Бөбекжай-бақшасының жұмыс жоспары**

| *Іс-шаралар түрі* | *Мерзімі* | *Жауапты* |
|---|---|---|
| **Бөбекжайдың қызметі мен дамуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | |
| 1. Құжат қабылдау, шарттарды ресімдеу және балаларды қабылдау<br>2. «Ұстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейіні» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау. | Жыл бойы<br>Жыл бойында | Меңгеруші, әдіскер<br>Меңгеруші, әдіскер тәрбиешілер |
| **Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмысы** | | |
| 2.1 Ұлттық құндылықтарды ойын арқылы дамыту: асық, бестемше және т.б. ұлттық ойын түрлерін қолдану<br>2.4 Дәліздер мен ортақ кеңістіктерді тиімді жабдықтау,<br>2.4.1 Эксперименттік іс-әрекеттер үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету | желтоқсан<br>желтоқсан | Меңгеруші, әдіскер, педагогтар<br>Әдіскер, топ тәрбиешілері |
| **Кадрлармен жұмыс** | | |
| 2.7 «Жасанды интеллект көмегімен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту» кеңес<br>2.8 Жас мамандармен жұмыс. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізуді үйрету. Дөңгелек үстел<br>2.10 Мектепке дейінгі ұйымға жасанды интеллект технологияларын енгізу және пайдалану | Желтоқсан<br>Желтоқсан<br>Жыл бойы | Әдіскер, педагогтар, Тәрбиешілер<br>Әдіскер, тәлімгерлер<br>Әдіскер |
| **Білім беру процесін ұйымдастыру** | | |
| 2.5 Дос болайық!<br>2.6 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы<br>2.6.1 «Қыс қызықтары» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында). Спорттық ойындар | I апта<br>I апта | Аралас топ<br>Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері |

| | | |
|---|---|---|
| 2.11 Құстарды қорғау күні<br>Тәжірибе: «Құстардың жемін дайындау». Құстардың табиғаттағы рөлі, оларға қамқорлық жасау жолдарын үйрету. | II апта | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 2.15 «Денсаулық мекені» (спорттық стадионға сапар) | II апта | меңгеруші, әдіскер, аралас топтары |
| 2.16 «Қыстың қызықты сәттері» – спорттық мереке. Денсаулық күні | II апта<br>III апта | Дене шынықтыру нұсқаушысы, ортаңғы топтар<br>ортаңғы топтар<br>Барлық топтар |
| 2.18 «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» тәрбие сағаты | III апта | |
| 2.18.1 «Қар патшалығының сыйы». Жаңа жылдық ертеңгілік | IV апта | Музыка жетекшісі, барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар |
| 2.19 Жоспарлау және үнемдеу туралы түсініктерді дамыту. - «қалау» мен «қажет» арасында таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруға; - шығындарды қарапайым түрде жоспарлауды меңгеруге үйрету. | II апта | Ересек және аралас топтар топтары<br>Барлық топтар |
| 2.20 «Банк – ақшаны сақтаушы мекеме» Балаларды банк қызметкерінің еңбегімен таныстыру.<br>Ақша, теңге, монета, карта сияқты қаржы құралдарының атауларын үйрету. | III апта | Ересек және аралас топтары |
| 2.21 «Егер адасып қалсам, не істеу керек?». Ересек топтар: «Көмекші- ескерту: іздеу немесе тұру керек пе?». Мектепалды топтары: «Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады?» | III апта | |
| **Әлеуметпен жұмыс** | | |
| 3.1. №2 Топтық ата-аналар жиналысы: «Сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қалай қолданамыз?»<br>1.1 Психологиялық тренинг: «Баламен тиімді қарым-қатынас»<br>2. Кеңес: «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау»<br>3. Кеңес: «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар»<br>4. Жаңа жылдық ертеңгіліктер (ата-аналардың қатысуымен) | желтоқсан | тәрбиешілер, медбике, әдіскер,<br>Әдіскер, |
| 3.2 «Ертегілер әлеміне саяхат» – ата-әжелермен әдебиет сағаты. Дөңгелек үстел | желтоқсан | Әдіскер,<br>Әдіскер, бөбекжай педагогтары |
| 3.3 «Гаджеттер мен бала: тепе-теңдікті қалай сақтау?» Table talks | желтоқсан | |
| 3.4 «Бала жадын дамытудың қызықты тәсілдері» танымды | желтоқсан | |

**Желтоқсан айлық жоспарына анықтама**
**2025–2026 оқу жылы, желтоқсан айы**

2025 жылдың желтоқсан айына бекітілген бөбекжайдың айлық жұмыс жоспарына сәйкес барлық бағыттар бойынша іс-шаралар белгіленген мерзімінде ұйымдастырылып, жоспарланған көлемде орындалды. Ай ішінде педагогикалық, тәрбиелік, әлеуметтік және денсаулық сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

**1. Құқықтық-нормативтік қамтамасыз ету**

Желтоқсан айында бөбекжай қызметі мектепке дейінгі ұйымдарға арналған ҚР нормативтік құжаттары негізінде жүргізілді.
Балаларды қабылдау, құжат рәсімдеу, шарттарды бекіту және кадрлық құжаттаманы толықтыру жұмыстары жалғасты.
Меңгеруші мен әдіскер тарапынан ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтарының орындалуы, құжаттаманың сапалы жүргізілуі бойынша тұрақты бақылау жасалды.

«Педагог бейіні» цифрлық модуліне педагогтердің кәсіби қызметіне байланысты деректерді енгізу және жаңарту жұмыстары бойынша түсіндіру, техникалық көмек көрсету жалғасты.

**2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс**

Желтоқсан айында педагогтер мен мамандар үшін әдістемелік кеңестер, кездесулер және озық тәжірибе алмасу жұмыстары өткізілді. 2.1. «Жасанды интеллект көмегімен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту» кеңесі өткізілді. Кеңес барысында педагогтер AI негізінде иллюстрациялар жасау, цифрлық ойындар әзірлеу, шығармашылық тапсырмаларды түрлендіру жолдарын көрсетті. 2.2. Жас мамандармен жұмыс

Жас мамандарға балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізу, баланың даму картасын толтыру және жеке қолдау маршрутын анықтау бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тәжірибелі педагогтер тарапынан тәлімгерлік қолдау көрсетілді. 2.3. «Мектепке дейінгі ұйымға жасанды интеллект технологияларын енгізу» тақырыбында әдістемелік бағыт-бағдар берілді.

Педагогтерге AI құралдарының қауіпсіздігі, контент сапасы, этика және тиімді қолдану жолдары түсіндірілді.

**3. Білім беру процесін ұйымдастыру**

Желтоқсан айында «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы бірлік, ынтымақ, достық тақырыптары басты назарда болды. Оқу қызметтері, ойындар, экологиялық және спорттық іс-шаралар жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды.

I апта аптада «Дос болайық!» психологиялық достық сабағы өтті. «Адал азамат» – бірлік және ынтымақ айы аясында топтарда ұжымдық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ойындар өткізілді. II апта аптада «Құстарды қорғау

күні» тәжірибе сабағы. Балалар құстарға жем дайындап, олардың табиғаттағы рөлі туралы білім алды. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік және қарапайым қаржы сауаттылығы бойынша «Қалау мен қажет» ұғымдары; күнделікті шығындарды жоспарлау; ақшаның түрлері, карта, монета туралы түсіндіру сабақтары өтті. «Банк – ақшаны сақтаушы мекеме» – балалар банк жұмысы және маман қызметімен танысты. III апта «Денсаулық мекені» – спорттық стадионға танымдық сапар. «Қыстың қызықты сәттері» спорттық мерекесі өткізілді. «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты тәрбие сағаты топтарда өткізілді. «Егер адасып қалсам, не істеу керек?» қауіпсіздік сабағы (ересек және мектепалды топтары). IV апта аптада«Қар патшалығының сыйы» атты Жаңа жылдық ертеңгіліктер барлық жас топтары үшін ұйымдастырылды. Ата-аналардың қатысуымен өткен бұл шарада балалар ән, би, өлеңдерін орындап, мерекелік көңіл күй қалыптасты.

**4. Әлеуметпен жұмыс**

Желтоқсан айында ата-аналармен және қоғамдастықпен серіктестік жұмысы жандана түсті. Өткізілген іс-шаралар №2 топтық ата-аналар жиналысы: «Сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану» Психологиялық тренинг: «Баламен тиімді қарым-қатынас» Кеңес: «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау» Кеңес: «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар». Әжелер мектебі аясында ата-әжелермен «Ертегілер әлеміне саяхат» әдебиет сағаты өтсе, Жас аналармен әдіскер мен педагог-психолог «Гаджеттер мен бала: тепе-теңдік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Консультативті пункт жоспары бойынша балабақшаға келмейтін балалармен «Бала жадын дамытудың қызықты тәсілдері» шығармашылық шеберханасы ұйымдастырылды. Әлеуметтік бағыттағы жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға және баланың дамуына ортақ жауапкершілікті күшейтуге ықпал етті.

**5. Мектеппен сабақтастық**

Қажымұқан ауылы ЖОББ мектебінің кітапханасына танымдық экскурсия ұйымдастырылып, мектепалды топтың балалары кітап, әдебиет, оқу мәдениетімен танысты. Балалардың мектепке бейімделу деңгейі бақылауда ұсталып, қажетті жағдайда педагог-психолог тарапынан қолдау көрсетілді.

**6. Бақылау және басшылық**

Меңгеруші мен әдіскер тарапынан ай бойы ішкі еңбек тәртібі; санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы; дене тәрбиесі, шынығу, сауықтыру ойындары; балалардың тамақтану сапасы (энергиялық құндылық, мәзірдің теңгерімділігі); қауіпсіздік нұсқаулықтарының орындалуы бойынша жоспарлы бақылау жүргізілді. Тексеру нәтижесінде айтарлықтай бұзушылықтар анықталған жоқ. Барлық бағыттағы жұмыс нормативтік талаптарға сай деп бағаланды.

Желтоқсан айында бөбекжайдың оқу-тәрбие процесі жоспарға сәйкес толық көлемде орындалды. Педагогтер балалардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, ұлттық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған

жұмыстарды табысты жүзеге асырды. Спорттық іс-шаралар мен мерекелік ертеңгіліктер балалардың көңіл-күйін көтеріп, олардың танымдық және қимылдық белсенділігін дамытты. Ата-аналармен серіктестік жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылды.

**Ұсыныстар:**

- Қыс мезгіліндегі серуен және шынығу жұмыстарын барынша тиімді ұйымдастыру;
- Қауіпсіздік ережелерін меңгерту бойынша ойын түрлерін көбейту;
- Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдану тәжірибесін одан әрі кеңейту;
- Ата-аналармен бірлескен шығармашылық жобаларды көбейту.

**Қорытынды шығарған:**

Әдіскер ____________

Медбике ____________

Меңгеруші ____________

**Күні:** 2025 жылғы желтоқсан айы